




TEŃIZŠEВРОЙЛ

прогресті жігерлендіру

Корпоративтік жауапкершілік туралы есеп 2023





КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ЕСЕП

2023

4 БАСШЫЛЫҚТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

5 2023 ЖЫЛҒЫ ТШО ЖЕТІСТІКТЕРІ

6 ТШО ТУРАЛЫ

12 ТШО-НЫҢ САРА ЖОЛЫ

18 ӨЗ ҚЫЗМЕТІМІЗДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ТИГІЗЕТІН ОҢ ЫҚПАЛ

- ◆ «Игілік» ерікті әлеуметтік-инфрақұрылым бағдарламасы
- ◆ Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы
- ◆ Жаңа бастамалар – Жылыой ауданын дамыту бағдарламасы
- ◆ Демеушілік және қайырымдылық көмек

20 АДАМДАРДЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

- ◆ Адамдарды қорғау
- ◆ Қоршаған ортаны қорғау
- ◆ Қоршаған ортаны бақылау
- ◆ Биоалуантүрлілікті қорғау және сақтау

32 ЖЕРГІЛІКТІ БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫН ҚОЛДАУ

- ◆ Отандық компаниялардан сатып алу және жеткізушілерді дамыту
- ◆ Жергілікті қамтудың Қазақстан Республикасының экономикасына әсері
- ◆ Шетелдік жабдық өндірушілерді қазақстандықтармен алмастыру
- ◆ ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасындағы қазақстандық қамту
- ◆ ТШО-ның бизнес қауымдастықтарымен ынтымақтастығы

40 АДАМДАРДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ

- ◆ Кадрлық стратегия
- ◆ Қызметкерлерді дамыту
- ◆ Қызметкерлер түрлілігі мен компания қызметіне қатысушылығы

46 ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ

50 БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

БАСШЫЛЫҚ ТОБЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) дәстүрлі түрде корпоративтік жауапкершілік туралы жыл сайынғы есебінде өз қызметінің қорытындысымен бөліседі. Компаниямыздың 30 жылдық мерейтойы атап өтілген 2023 жыл тарихымызда ерекше орын алды.

Кевин Лайон
ТШО бас директоры




Отыз жыл ішінде ТШО Қазақстан Республикасына 190 миллиард АҚШ долларынан астам тікелей қаржылық төлемдер жасай отырып, ел экономикасының дамуына үлес қосты. 12 жылдық кезеңді қамтитын тәуелсіз зерттеу ТШО Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің 11%-ға дейін ынталандыратынын көрсетті. Сонымен қатар, ТШО мен оның мердігер компаниялары Қазақстан Республикасының бюджетіне түсетін барлық салық түсімдерінің 30%-ға дейін құрайды.

Екінші жыл қатарынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті салық міндеттемелерін мінсіз орындағаны үшін «Теңізшевройл» ЖШС «Жер қойнауын пайдаланушы» категориясы бойынша «Қазақстандағы үздік салық төлеуші» деп таныды. Тек 2023 жылғы ТШО-ның Қазақстанға тікелей төлемдері шамамен 14 млрд АҚШ долларын құрады, оның ішіне

қазақстандық қызметкерлердің жалақысы, отандық өндірушілер мен жеткізушілерден тауарлар мен қызметтерді сатып алу, мемлекеттік кәсіпорындарға төлемдер, қазақстандық серіктеске дивидендтер төлеу, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке аударылатын салықтар мен роялти кіреді.

Біз ТШО-ның өзінің негізгі активі – қызметкерлеріне инвестиция салу тәжірибесін мақтан тұтамыз. Қазіргі уақытта Қазақстан азаматтары ТШО-ның негізгі өндірісіндегі лауазымдардың 95%-ын иемденіп отыр, ал қазақстандық менеджерлер мен супервайзерлер компанияның басқарушы қызметкерлерінің 87%-ға жуығын құрайды. Талантты отандық қызметкерлерге инвестиция салу нәтижесінде 2007 жылдан бері 450-ден астам қазақстандық маман негізгі басшылық және техникалық лауазымдардағы шетелдік әріптестерін алмастырды. «Жұмыс берушілер брендині



Көңілқош Сүйесінов
ТШО бас директорының
орынбасары



қабылдау саласындағы кең ауқымды тәуелсіз зерттеу нәтижесіне сәйкес, ТШО үшінші жыл қатарынан Қазақстандағы ең тартымды жұмыс беруші ретінде танылды.

2023 жылы ТШО өз тарихындағы ең күрделі жөндеулердің бірін мерзімінен бұрын сәтті аяқтады. Ол жұмыстарға 5200-ден астам қазақстандық маман жұмылдырылды. Сонымен қатар, ТШО тарихында алғаш рет қазақстандық компаниялар күкіртсіздендірілген газды кептіруге арналған үш молекулалық елеуішпен қоса, металлургиялық тұрғыдан жетілдірілген жаңа колоннаны жасап шығарып, салмағы 100 тоннаға жуық және биіктігі 37 метр болатын алып түтікті ауыстырды. Бұл елдегі орасан зор өндірістік әлеуетті көрсетеді.

ТШО құрылғаннан бері Атырау облысындағы мектептер, ауруханалар, демалыс орындары,

балабақшалар және басқа да әлеуметтік нысандарды салуға және жетілдіруге бағытталған 120-дан астам әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларға 385 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция салды. Тек 2023 жылы ТШО Атырау облысында жалпы сыйымдылығы 600-ден асатын 2 мектептің және Құлсары қаласында толық жабдықталған 75 төсек-орындық орталық аудандық аурухананың құрылысын қаржыландырды.

ТШО-ның корпоративтік жауапкершілік аясындағы 2023 жылғы шаралары аймаққа оң өзгерістер әкелуді жалғастыруда. Біз жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын жақсартудағы ортақ мақсатымызды көздейтін Қазақстан Республикасының үкіметіне әріптестік үшін алғыс айтқымыз келеді.

Биылғы корпоративтік жауапкершілік есебі көңілдеріңізден шығады деген үміттеміз.

2023 ЖЫЛҒЫ ТШО ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қазақстанның экономикалық дамуына ықпал ету

Қазақстан Республикасына тікелей қаржылық төлемдер шамамен

~14 млрд
АҚШ долларын құрады

2023 жылы ТШО қазақстандық жеткізушілерден шамамен

~4 млрд
АҚШ долларына тауарлар мен қызметтер сатып алды

1993 жылдан бері ТШО

>47,6 млрд
АҚШ долларынан астам қаржыға қазақстандық жеткізушілерден тауарлар мен қызметтер сатып алды

Экологиялық көрсеткіштерді басқару


99,5%

ТШО-дағы газды кәдеге жарату



43%

Қалдықтарды қайта пайдалану/өңдеу



45%

Суды қайта пайдалану



Қызметкерлер дамуына инвестиция салу

Негізгі өндірістегі қазақстандық қызметкерлер

50%
1993
ЖЫЛ




95%
2023
ЖЫЛ



87,1%

Негізгі өндірістегі қазақстандық жоғары және орта буын басшылар үлесі



Біз қызмет атқаратын аумақта тұратын қоғамның әл-ауқатын жақсарту

ТШО құрылғалы бері **120-дан астам жаңа әлеуметтік нысан** салынды.



120

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының 2023 жылға арналған бюджеті **2,5 млн АҚШ** долларын құрады.




2 500 000

11 000 бенефициарға оң әсерін тигізді.




11 000

Үкіметтік емес ұйымдар ұсынған **21 әлеуметтік** жоба жүзеге асырылды.



«Игілік» ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы аясында 2023 жылы **25 млн АҚШ доллары** бөлінді.



ТШО туралы


ТШО тарихы

Прогресті жігерлендіру тарихы

Қазақстанның батыс аймағында орналасқан Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылды. 1993 жылдың сәуірінде алғашқы серіктес құрылтайшылары, Қазақстан Республикасының Үкіметі және «Шеврон» корпорациясы арасындағы келісімге қол қою негізінде «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) құрылды.



ТШО серіктестері



Мұнай кен орны

Теңіз кен орны коллекторының ені **20 шақырымды (12 миль)**, ал ұзындығы **21 шақырым (13 миль)**. Теңіз және Королев кен орындарының қоры шамамен – **1,4 млрд тонна (11,5 млрд баррель)** мұнайды құрайды. Теңіз кеніші коллекторындағы бағаланған қор көлемі – **3,1 млрд тонна (25 млрд баррель)**. Кеніш әлемдегі ең терең, алып мұнай кен орны болып табылады, мұнайлы коллектордың жоғарғы жағы шамамен **4000 метр (13 000 фут)** тереңдікте орналасқан.



Перспективалық мақсат


Әлемдік мұнай-газ саласында қызметкерлерінің кәсіпқойлығы, серіктестік қатынастар және өндірістік көрсеткіштерімен құрметке ие ең қауіпсіз, барынша тиімді және табысты кәсіпорын болу.

Мақсат

Біздің басты мақсатымыз Қазақстан Республикасы, ТШО үлескерлері және қызметкерлерімізге барынша пайда әкелу.



**Біз –
ТШО-мыз**



ТШО-ның сара жолы

Нәтижеге дұрыс жолмен жету

«ТШО-ның сара жолы» біздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, мақсатымызға қалай жететінімізді және неге ұмтылатынымызды түсіндіреді.

Ол компания қызметкерлерімен қатар бізбен қарым-қатынас жасайтын тараптар үшін біздің құндылықтарымыз бен мінез-құлық үлгілеріміз жайлы ортақ түсінік қалыптастырады.

Стратегиялар

Біздің стратегияларымыз саламыздың үздік нәтижелері жолындағы әрекеттерімізге бағыт береді.

Құндылықтар

Біздің құндылықтарымыз кім екенімізді көрсетеді және нәтижеге жеткізетін бағыт береді. Біз әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаларына сүйене отырып қызмет атқарамыз, жұмыс істейтін аймақтарымыздың заңдарын құрметтейміз және жұртшылығына пайда әкелеміз.

Адамдар

Нәтижеге лайықты жолмен қол жеткізу үшін аса білікті қызметкерлер ұжымын дамыту және қолдау үшін адам ресурстарына инвестиция салу.

Жүзеге асыру

Ең жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу жүйелерін мүлтіксіз қолдану, инвестициялардың тиімділігін арттыру және шығындарды оңтайландыру арқылы айрықша нәтижелерге қол жеткізу.

Кеңею

Бәсекелестік артықшылықтарымыз бен жоғары көрсеткіштерге апаратын мінез-құлық үлгісін қолдана отырып, кірісті арттыру мақсатында шикізат қорларымызды табысты игеру.

Технологиялар мен функционалдық тиімділік

Технологиялар, инновациялар және салалық кәсіби білімді пайдалану арқылы бірегей нәтижелерге қол жеткізу.

Өзгешеліктерді құрметтеу және ортақтастыру

Біз мәдениеттердің бірегейлігі мен әртүрлілігіне құрметпен қарайтын, әрі әртүрлілігінің дарындылығын, тәжірибесі мен пікірін бағалайтын айқын жұмыс ортасында жұмыс істейміз.

Қызметтің жетекші көрсеткіштері

Біз үш бағыт, «Көшбасшылық – Біз жетекшіміз – Біртұтас ұжым» бойынша жұмысты күшейте отырып, қызметтің жетекші көрсеткіштеріне қол жеткізуге ұмтыламыз және расында аса маңыздылыққа ие қызметтің бәсекеге қабілетті көрсеткіштеріне баса назар аударамыз. Біз Біртұтас ТШО қағидаты аясында ұтымды мінез-құлық үлгілерін қолдана отырып, жоспарланған қызметтің жетекші көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар жасаймыз.

Адалдық пен сенім


Біз өзіміз бен өзгелер алдында адалмыз. Әрбір ісімізде ең жоғары этикалық ережелерді ұстанып, бір-бірімізге құрметпен қарау және қолдау көрсету арқылы сенімге ие болуға ұмтыламыз.

Серіктестік

Біз мемлекеттік органдар, үлескерлеріміз, жұртшылық, бизнес-серіктестеріміз, тапсырыс берушілер мен жабдықтаушыларымыз және бір-бірімізбен сенімге негізделген, нәтижелі және конструктивті қарым-қатынас орнатудамыз. Бірлесе қол жеткізген табысымыз біз үшін ең басты жетістік.

Адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау

Қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігі, өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау біз үшін аса маңызды іс болып табылады. Біз салдары ауыр оқиғалардың алдын алуға басты ден қойып, өндірістік қызметімізде жарақат пен оқыс оқиғаларды болдырмауға барлық күш-жігерімізді саламыз.



Біртұтас ТШО-ның тиімділігі жоғары мінез-құлық үлгілері

Біздің тиімділігі жоғары мінез-құлық үлгілеріміз «ТШО-ның сара жолындағы» құндылықтармен ұштасады және қызметкерлеріміздің табыстылығының негізін құрайды.

- Ең маңыздысын айқындаңыз
- Жаңа идеяларға ашық болыңыз
- Талқылаңыз, шешім қабылдаңыз және істі алға бастырыңыз
- Жұмысты мақтаныш сезіммен орындаңыз

- Анағұрлым мол пайда
- Мол пайда әкелетін жұмысқа басымдық беріңіз
- Алдыңызға ер мақсаттар қойыңыз
- Жұмысты орындаумен бірге үйреніңіз, жетіле түсіңіз
- Бейімделіңіз, инновациялар енгізіңіз және кедергілерді жойыңыз



- Бір-біріңізді сыйлап, қолдай біліңіз
- Бірлесе еңбек етіп, ортақ іске өз үлесіңізді қосыңыз және бір-біріңізді сындарлы диалогқа шақырыңыз
- Шынайы кері байланыс ұсыныңыз және сұратыңыз
- Компанияның ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін бір ұжым болып еңбек етіңіз

ӨЗ ҚЫЗМЕТІМІЗДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ТИГІЗЕТІН ОҢ ЫҚПАЛ

ТШО-ның әлеуметтік бастамалары Атырау облысы қоғамдастығы мен оның әрбір тұрғынының шексіз әлеуетін толық ашуға және ынталандыруға бағытталған. ТШО денсаулық сақтау, білім беру салаларын және экономиканы дамытуды жетілдіру мен олардың қол жетімділігін қамтамасыз ете отырып, адамдар үшін мүмкіндікті кеңейтуге ұмтылады.

ТШО Атырау облысының елді-мекендеріне екі ерікті бағдарлама арқылы инвестиция салады: «Игілік» әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы және Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы (ӘИБ). «Игілік» бағдарламасы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын (балабақшалар, мектептер, саябақтар және т.б.) салуға, ал ӘИБ Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру жүйелерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға және әлеуметтік кәсіпкерлік пен азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған.

«Игілік» ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы

1999 жылы ТШО міндеттемелері аясында жүзеге асырылған «БонусФонд Атырау» бағдарламасының орнына «Игілік» ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы іске қосылды. Оның аясында Атырау облысында мектептер, ауруханалар, демалыс орындары, балабақшалар және басқа да қоғамдық орындары сияқты әлеуметтік нысандардың құрылысы мен абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

2023 жылы «Игілік» ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасының бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрады. «Игілік» бағдарламасы аясында Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылындағы

мектепке 350-орындық жанама ғимарат, Атырау қаласындағы 300-орындық М.Жұмабаев атындағы №1 орта мектеп, сондай-ақ Жылыой ауданы Құлсары қаласындағы толықтай жабдықталған 75-орындық орталық аудандық аурухана сияқты нысандардың құрылысы аяқталып, жауапты мемлекеттік органдарға берілді.





300 орындық жаңа мектеп ғимаратында бастауыш және орта сыныптарға арналған оқу блоктары, 110 орындық асхана, жеке душ және киім ауыстыратын бөлмелері бар спорт залы, оқу залы бар кітапхана, сондай-ақ «Технология» пәні бойынша толық жабдықталған кабинеттер бар. Сонымен қатар, ашық ауада жаттығулар жасауға арналған футбол алаңы, жүгіру алаңы, әскери дайындыққа арналған алаң, баскетбол және волейбол алаңдары бір жерде орналастырылған. Оған қоса, бастауыш сынып оқушылары үшін қауіпсіз ойын алаңдары жабдықталды. Мектептің ерекшелігі инклюзивті ортаның да болуында. Ғимаратта көру қабілеті нашар адамдарға арналған жол сызықтары бар және бүкіл мектеп ішінде Брайль шрифті қолданылған. Әжетхана мен лифт те ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін жабдықталған. Осы мүмкіндіктердің арқасында мектеп барлық қабілеттердегі оқушылардың қауіпсіз және қолайлы ортада білім алуын қамтамасыз етеді.





ТШО «Игілік» бағдарламасы жобаларының картасы 2023—2024 жж



Исатай ауданы, Тұщықұдық
ауылындағы **Ж.Мырзағалиев**
атындағы мектепке
350-орындық жанама ғимарат



Атырау қаласындағы
М.Жұмабаев атындағы
300 орындық мектеп



Атырау қ., Жаңаталап
ауылындағы **дене**
шынықтыру-сауықтыру кешені

Индер
ауданы

Исатай
ауданы

Құрманғазы
ауданы

Тұщықұдық

Каспий
теңізі



Мақат ауданы, Доссор кентіндегі **Байбақты ата ескерткіші**



Жылыой ауданы
Құлсары қаласы Береке
шағын ауданындағы
600 орындық орта мектеп



Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы **орталық аудандық аурухана**



Жылыой ауданы Құлсары қаласы Құрсай өзенінің **жағалауын бекіту жұмыстары**

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықтың сапалы медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру қажеттілігін атап өтті. Құлсары қаласында заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған аурухананың ашылуы осы бір мәселенің шешімі болып отыр. Тұрғындарымыздың игілігі үшін жасалатын мұндай жұмыстар жалғасын табары анық! – деді ашылу салтанатында Атырау облысының әкімі **Серік Шәпкенов**.

Осы бағдарлама жүзеге асырылғалы бері 120-дан астам әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларға 385 млн АҚШ долларынан астам инвестиция салынды.

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

ТШО-ның екінші ерікті бағдарламаларының бірі – Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы (ӘИБ) 2010 жылы іске қосылды. Ол білім беру мен денсаулық сақтау салаларын қолдауға, азаматтық қоғамды дамытуға және қазақ халқының мәдени-тарихи құндылықтарын сақтауға, дамытуға бағытталған.

Бұл бағдарламаның маңызды аспектісі – бизнес, қоғам және мемлекеттік органдар арасындағы көпір қызметін атқара отырып, үкіметтік емес ұйымдар (ҰҰ) өздерінің зерттеулері мен бақылаулары негізінде қоғамдастықтың өзекті мәселелерін шешу жолдарын ұсынады. ТШО жобаларды жүзеге асыруға қаржылай қолдау көрсетеді. Жобаларды таңдау 2 кезеңнен өтеді.

Бірінші кезең жобаның негізгі талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды, ал екінші кезеңде

әлеуметтік инвестициялар кеңесі әр жобаға баға береді. Таңдау талаптары компанияның ресми сайтында қолжетімді. Әлеуметтік инвестициялар кеңесі – бұл компанияның әртүрлі бөлімдерінен құрапған топ. Кеңестің құрамы жыл сайын жаңартылып отырады.

2023 жылы жыл сайынғы ерікті әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының бюджеті 2,5 млн АҚШ долларына дейін ұлғайтылды, бұл Атырау облысында, атап айтқанда, Жылыой ауданында 21 жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берді.



2023 жылғы ӘИБ жаңалықтарының бірі барлық ҰҰ-ға Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасына қатысуға өтінімді дұрыс және уақытында беруге көмектесу үшін әзірленген жұмыс кітабын – нұсқаулықты шығару болды. Нұсқаулық әрбір ҰҰ-ның бағдарламаға қолжетімділігін және оған оңай қатыса алуын қамтамасыз етуге арналған.



Жазу кітапшасын PDF форматында жүктеп алыңыз

ӘИБ жобалары



«Жасыл мектеп»

«Экологика» ҚҚ



Атырау қаласындағы иппотерапия

«Атырау. Шағын ел» ҚБ



Жылыой ауданында жұқпалы емес аурулар туралы халықты ақпараттандыру және емдеу жолдарын жетілдіру

Қазақстан отбасылық дәрігерлер қауымдастығы (ҚОДҚ)



Атырау облысындағы оңалту мамандарының әлеуетін арттыру

«БолашакК» ҚҚ



Кәсіби бағдар – болашақты таңда және басқар

«Integrity» тұлғалық даму» ҚҚ



Инклюзивті білім беру бойынша педагогтерді ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу

«Ой-Сана» психологтардың қоғамдық бірлестігі



Жылыой ауданы мен Боранқұл ауылындағы қоғамдық кеңістіктер

Орталық Азияның Еуразия Қоры (ОАЕК)



Кедергісіз Атырау

«Біз де адамбыз» ҚҚ



«ЖАРҚЫРА» Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы

«Әлеуметтік бағдарламалар мен инновациялар қоры» ҚҚ



«Жас кәсіпкер – жалында»

«Талаптан» ҚҚ

«Atyrau EcoFair 2023» ғылыми көрмесі

«Bilim Barine» ҚҚ



Мүмкіндігі шектеулі адамдарды тиімді оңалту

«Біз де адамбыз» ҚҚ



Құлсары қ. иппотерапия

ҚБ «Атырау. Шағын ел»



Атырау облысында «Ерте араласу бағдарламасын» енгізу

«БолашакК» ҚҚ



Музыкаға арналған Брайль қаріпі бойынша электронды жаттықтырушы

«Sezual» МҚБ



Жаңа буын мектебі

«Integrity» тұлғалық даму» ҚҚ



Атырау қаласындағы қоғамдық кеңістіктер

Орталық Азияның Еуразия Қоры (ОАЕК)



«Teniz Juregi» корпоративтік волонтерлікті дамыту

«Жүректен жүрекке» ҚҚ



«Qadam» Әйелдерді қолдау және олардың бизнес-бағдарлау жобасы

«Зейін-Атырау» ҚҚ



«Шектелме»

«Janasha» ҚҚ



«Шабьт» қолөнер және өнер мектебі

«Айналайын баладан» ҚҚ



ЖАҢА БАСТАМАЛАР – Жылыой ауданын дамыту бағдарламасы

ТШО алға қойған мақсаттарына жетуден тайынбайды және өткен жылдың соңында компания жаңа Жылыой ауданын дамыту бағдарламасының іске қосылғанын жариялады.



Бұл бағдарламаның алғашқы бастамасы ауданда STEAM білім беруді жан-жақты дамытуға бағытталған «Жылыой STEAM мекені» жобасы болды.

Бағдарлама аясында Құлсары қаласындағы мектептердің бірінде ауданның түкпір-түкпірінен келген балалар қызықты түрде тегін қосымша білім ала алатын химия-биологиялық және физика-математикалық бағыттағы STEAM зертханасы жабдықталды. Ал Маңғыстау облысы, Боранқұл ауылындағы барлық мектептерге STEAM бокстары орнатылды.



Мұғалімдер де STEAM әдістеріне оқыды. Бұл әдістерді мұғалімдер тек зертханалық сабақтарда ғана емес, басқа жаратылыстану-математика сабақтарында да қолдана алады. Бұл жобаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді, өйткені ұстаздар алған білімі мен тәжірибесін жас жылыойлықтардың бір емес бірнеше буынына беретін болады.

Жобаның әсері айқын байқалды. Боранқұл ауылындағы Опорный орта мектебінің «Merge» командасы Алматы қаласында өткен International Haileybury FIRST Championship халықаралық робототехника олимпиадасында II-орынға ие болды. Ұжымның ұстаз-тәлімгері де барлық жаттықтырушылар арасында үздік тәлімгер болып танылды. Сонымен қатар, Астанада өткен FIRST Global Challenge робототехника чемпионатына Құлсары қаласындағы №8 орта мектептің «E=mc²» командасы қатысты. Жоба 2 желтоқсанда үлкен мерекемен – Жылыой STEAM Fair аймақтық фестивалін өткізумен аяқталды. Фестивальда 18 спикерден тұратын екі дәріс легі және 584 адам қатысқан First байқауының облыстық кезеңі өтті.



Жоба жөнінде
толығырақ



«Таңдау» жобасы – Жылыой ауданын дамыту бағдарламасы аясындағы екінші ірі бастама. Бұл – Жылыой ауданының кәсіпкерлеріне арналған бизнес-идеялар байқауы, жеңімпаздар өз бизнес идеяларын жүзеге асыру үшін пайызсыз несиелер ала алады. Несиелер қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға беріледі, ол белгіленген мерзімде қаражат қайтарылмаған жағдайда кепіл ретінде қалатын болады.

Берілетін несиелер сомасы қанша?

Жабдықты сатып алуға арналған несиелер келесі мөлшерде бекітілген:

- стартап (жас) жобаларға (бір жылдан аз жұмыс істейтін кәсіпкерлерге) 2,5 млн теңгеге дейін
- жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін 4,5 млн теңгеге дейін

Бір жылда жұмыс барысында әрбір оқу ағымында 10 қатысушыдан 30 адамға дейін қолдау көрсету жоспарлануда. Бірінші топты оқыту 2023 жылдың қазан айында басталып, 2024 жылдың қаңтарында жеңімпаз ретінде 13 Құлсары тұрғыны тағайындалды. Оның ішінде 6 адам 2,5 млн теңгеге дейін, ал 7 кәсіпкер 4,5 млн теңгеге дейін қаржы алды.

Жылыой ауданы әкімінің орынбасары **Гүлнәфис Айшуақова** осындай жобаның өңір үшін маңыздылығын атап өтті. «Жаңа жыл тамаша жаңалықтармен басталды – 13 кәсіпкер өз ісін жүзеге асыру үшін пайызсыз несиелер алды. Аудан басшылығы атынан «Теңізшевройл» компаниясына шағын және орта бизнесті қолдағаны үшін алғысымызды білдіреміз. Жоба әрі қарай жалғасын

тауып, жақсы нәтиже көрсетеді деп сенемін. Ал бірінші ағынның жеңімпаздарына бастамаларына сәттілік тілей отырып, жобаның болашақ тағдыры сіздердің табыстарыңызға байланысты болатынын атап өткім келеді».

Бірінші лектің жеңімпаздарының бірі Мафу Рзабаева кір жуатын орын ашу үшін 2,5 млн теңге несиелер алды. Бұл оған аудан тұрғындарын жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

«Таңдау жобасы маған маркетинг, қаржы және бизнесті басқару салаларында көптеген жаңа нәрселерді үйренуге, сондай-ақ бизнесімді кеңейту туралы арманымды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мақсатым тек бизнесті кеңейту емес, ең алдымен жаңа жұмыс орындарын ашу, жайлы жұмыс пен жалақыны қажет ететін құлсарылықтар мен әйелдерге қолдау көрсету. Жылыой өңірінде осындай жобалар көп болса екен деймін!», – деп бөлісті **Мафу Рзабаева**.



Демеушілік және қайырымдылық көмек

ТШО жыл сайын негізгі үш бағдарламадан басқа демеушілік көмек және жергілікті атқарушы органдардың сұраныстарына қолдау көрсетіп келеді. 2023 жылы демеушілік көмек пен сыйға тартуға жұмсалған қаржы шамамен 2,6 млн АҚШ долларын құрады.

30 жылдық мерейтойы қарсаңына орай кәсіпорын «30 игі іс» жобасын жүзеге асырып, оның аясында ТШО алты жедел жәрдем көлігін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін төрт арнайы техниканы, мүгедектердің жүріп-тұруына арналған инвентакси, сондай-ақ спортпен шұғылдануға және би билеуге арналған арнайы мүгедектер арбаларын сатып алуға демеушілік көмек көрсетті.

Жылыой ауданын дамыту бағдарламасы аясында 2023 жылдың жазында Жылыой ауданының 60 баласы Алматы қаласындағы Қазақстан-Британ техникалық университеті (ҚБТУ) жанындағы лагерьде демалуға мүмкіндік алды.

Сондай-ақ компания қарттарға қолдау көрсету жөнінде меморандумға қол қойып, облыстың 100 зейнеткерін, оның ішінде Жылыойлық 50 зейнеткерді сауықтыру мақсатында «Атырау» шипажайына демалысқа жіберді.

ТШО әлеуметтік жауапты компания ретінде өз қызметкерлері мен олардың отбасылары тұратын және жұмыс істейтін аймақтың әлеуметтік



дамуына қолдау көрсетеді. Компания Облыстық оңалту орталығына және №3 арнайы қызмет көрсету орталығына 2 инвентакси сатып алып, сыйға тарту арқылы демеушілік көмек көрсетті. ТШО, сонымен қатар, С.Өтебаев атындағы Мұнай және газ университетінде электротехника кабинетін, сондай-ақ облыстық мамандандырылған мектеп-интернатында технология кабинетін жабдықтады.

Мақсатты жобаларды жүзеге асырумен қатар, корпоративтік еріктілер қозғалысы аясында ТШО қызметкерлерінің бастауымен өткізілетін қайырымдылық шаралар мен бағдарламалар арқылы жиналған қаражат жетім балалар мен әлеуметтік осал санаттағы балаларды қолдауға жұмсалып келеді.

Еріктілер мектеп құрал-жабдықтарын, қысқы киімдерді, музыкалық, спорттық құрал-жабдықтарды (доптар, үстелдік хоккей, ойындар) және Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылындағы мектеп-интернатының демалыс бөлмесіне жұмсақ жиһаздарды сатып алуға қаражат жинады.





АДАМДАРДЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау ТШО үшін аса маңызды рөл атқарады. Кәсіпорын өндіріс қызметін апатсыз орындауға ұмтылады.



Әрбір қызметкер орындалып жатқан жұмыстың қауіпті екенін байқаса, оны тоқтатуға құқылы. Ол бұл үшін жазаланбайтынына бас директор кепілдік береді.

ЖЫЛ БОЙЫ ЖҰМЫС
АУЫР ОҚИҒАЛАРСЫЗ
ЖҮРГІЗІЛДІ

116 млн
адам-сағат



2023 жылы ТШО әрбір қызметкер жұмысын қауіпсіз орындап, үйіне, отбасына аман-есен оралуы үшін қауіпсіздік мәдениетін арттыруға баса назар аударады.

*ТШО бас директоры **Кевин Лайон:** «Қауіпсіздік ТШО-ның басты құндылығы болып қала береді және «Біртұтас ТШО-ның қауіпсіз өндіріс бағдарламасы» осы саланы үздіксіз жетілдіруге мықты негіз қалап берді. Біз апатсыз және өлімге әкелетін оқиғаларсыз қызмет ету мақсатына жету үшін бағдарламаны әрі қарай дамытуды жалғастыратын боламыз».*

АДАМДАРДЫ ҚОРҒАУ

ТШО еңбек гигиенасы бойынша еңбек жағдайларын бақылау үшін әртүрлі үдерістер, іс-шаралар мен қауіпсіздік нұсқауларын, жұмыс бағдарламаларын әзірледі және енгізді:

- ◆ ТШО нысандарындағы еңбек гигиенасын өндірістік бақылау бағдарламасы
- ◆ Теңізде желдету және ауаны баптау жүйелерін өндірістік бақылау бағдарламасы
- ◆ Қауіпсіздік және еңбек қауіпсіздігі процедурасы – «Ауыз су қауіпсіздігі»
- ◆ Теңізде және Атырауда ауыз су сапасын қадағалау бойынша өнеркәсіптік бақылау бағдарламасы
- ◆ ТШО азық-түлік қауіпсіздігі стандарты
- ◆ ТШО нысандарындағы өнеркәсіптік радиациялық бақылау бағдарламасы

Желдету жүйелерін санитарлық-гигиеналық бақылау

ТШО-да желдету жүйелерін санитарлық-гигиеналық бақылау бағдарламасы жұмыс істейді. Оның аясында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау және алдын алу, оған қоса, зиянды булар мен газдардың шоғырлануын қадағалау, сондай-ақ ықтимал жарылыстар мен өрттерді болдырмау мақсатында өндірістік үй-жайлардың микроклиматын бақылау жүзеге асырылады.

2023 жылы Теңіздегі сегіз өндірістік нысанда және ТШО-ның 10 коммуналдық нысанында

тазалау және дезинфекциялау жұмыстары жүргізілді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Теңіз кен орнында бір мезетте мыңдаған қызметкер шоғырланады және олардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету де басым міндеттердің бірі болып табылады. 2023 жылы «Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күніне» орай азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ауқымды форум өтті.

Форум қатысушыларға өз тәжірибелерімен бөлісуге және азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарын енгізу тәжірибесін көрсетуге тамаша мүмкіндік берді; сегіз белсенді және жетекші қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны «НАССР» (Hazard Analysis and Critical Control points) қағидаттарын қолданудағы практикалық тәжірибесі мен жетістіктерін ұсынды.

Форумға қатысушылар үшін ойын-сауық және танымдық бағдарлама ұйымдастырылды. Теңіз кен орнындағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары өз өнімдерін көрмеге шығарды, ынталандыру сыйлықтары, азық-түлік қауіпсіздігі туралы буклеттер мен оқу кітапшалары таратылды.

ТШО азық-түлік қызметтерін жеткізушілердің белгіленген Азық-түлік қауіпсіздігін басқару жүйесінің (НАССР) талаптарына сәйкестігін көрсететін азық-түлік қауіпсіздігі стандарттарына бейілділігін қолдайды.



Теңізде және Атырауда ауыз су сапасын өндірістік бақылау бағдарламасы

Өндірістік бақылау бағдарламасы төменде көрсетілген іс-шараларды іске асыру тәртібін белгілейді:

- ◆ ТШО нысандарындағы су тазарту ғимараттарының/су тазарту қондырғыларының жұмысына, техникалық және ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын ауыз сумен жабдықтаудың орталықтандырылған және орталықтандырылмаған нысандарына нысан басшыларының/бизнес серіктестерінің тарапынан өндірістік бақылау өткізу;
- ◆ Суды тазартуға дайындау және су тарату үрдістері;
- ◆ Таратқыш торапқа баратын су тазарту ғимараттарының/су тазарту қондырғыларының суды қабылдау және шығару нүктелеріндегі және суды тұтыну нүктелеріндегі (орнатылған бақылау пункттері) ауыз су сапасын бақылау.

Апатты жоюға арналған оқу-жаттығулар:

ТШО кез келген төтенше жағдайларға қызметкерлер дайын болуын қамтамасыз ету үшін «Азаматтық қорғау» туралы ҚР заңының

талаптарына сәйкес төтенше жағдайлар бойынша оқу сессияларын және оқу-жаттығу сабақтарын/апатқа қарсы оқу-жаттығулар өткізеді:

- ◆ Әр нысанның оқиға орнындағы апатты тойтару топтарының (ООАТТ) және ТШО-ның өрт және апатты тойтару тобының (ӨАТТ) қатысуымен 301 апатқа қарсы оқу-жаттығу өткізілді;
- ◆ 19 оқу-жаттығу сабақтары өткізілді, олардың барысында 2-деңгейлі апаттық жағдайды басқару топтары (2-деңгейлі АЖБТ), ООАТТ және ӨАТТ қатысты.

Теңіз кеніші мен Атырауда 2 және 3-деңгейлі АЖБТ қатысуымен өткізілген оқу-жаттығу сабақтары

Барлық оқу-жаттығулардың негізгі мақсаты төтенше немесе дағдарысты жағдайды жою бағытындағы әрекеттердің орындалуын бақылап, оларды басқаруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету болып табылады.

2023 жылы ТШО-ның барлық нысандарында келесі жұмыстар атқарылды:

– Әр нысанның оқиға орнындағы апатты тойтару топтарының (ООАТТ) және ТШО-ның өрт және





апатты тойтару тобының (ӨАТТ) қатысуымен 637 апатты тойтару сабағы;

– 36 апаттан құтқару сабағы (АҚС), оның барысында төтенше жағдайларды жою штабына екінші деңгейлі апаттық жағдайды басқару топтары (2-деңгейлі АЖБТ), сондай-ақ ТШО-ның ӨАТТ және ӨАТТ жұмылдырылды.

– 2-деңгейдегі АЖБТ және ТШО-ның ӨАТТ қатысуымен, «Каспий құбыр консорциумы-К» ЖАҚ (КҚК-К) және «ҚазТрансОйл» ЖШС қызметкерлерін тарта отырып, бірлескен кешенді оқу-жаттығу сабақтары. Компаниялар ТШО мен КҚК арасындағы өзара көмек туралы келісім негізінде апатты жағдай кезінде өзара хабарлау және өзара көмек көрсету жүйелерін әзірледі.

– Атырауда алғаш рет әр нысан бойынша оқиға орнында апатты тойтару тобы (ӨАТТ) жасақталып, олардың қатысуымен 7 апаттық оқу-жаттығулар өткізілді.

– 2 және 3-деңгейлі АЖБТ, Атыраудағы АЖБТ және Атыраудағы дағдарыстық жағдайларды басқару тобының (ДЖБТ) қатысуымен 3 тақырып бойынша толық ауқымды жаттығулар.

Оқу-жаттығу сабақтары барысында барлық жұмылдырылған топтар мен бөлімдер апатты жағдайларда әрекет ету үрдісін жақсы білетінін,



қауіпсіз және тиімді әдістерді қолдана отырып, апатты жағдайларды жою жұмыстарын жылдам жүргізуге дайындығын, апатты жағдайларда әрекет ету процесіне қатысатын топтар арасындағы жақсы қарым-қатынасты, сондай-ақ апатты және дағдарысты жағдайларды басқару жүйесін (АДЖБЖ) қолдану дағдыларын көрсетті.

Апатты және дағдарысты жағдайларды басқару жүйесіне оқыту (АДЖБЖ) ICS-220, ICS-300

2023 жылы Теңіз кен орнында және Атырауда ТШО-ның 237 қызметкері АДЖБЖ-220 және АДЖБЖ-300 апатты жағдайларды жоюды басқару жүйелері бойынша оқытылды.

АДЖБЖ-220 сессиялары барысында АЖБТ қызметкерлері бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын көрсетуге, ұсынылған төтенше жағдайлар сценарийлері бойынша практикалық жаттығуларды орындауға және цифрлық ақпараттық құрылғылармен танысуға мүмкіндік алды. Қатысушылар төтенше жағдайларды тиімді басқару және бақылауды қамтамасыз ету үшін АДЖБЖ үлгісін толтыру ережелерімен танысты, оқиға орнында қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, оқиға орнында әрекет ету жұмыстарын ұйымдастыруды және жүргізуді үйренді.



Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаны басқару – табиғи ресурстарды қорғауға, қоршаған ортаға тигізетін әсерлерді барынша азайтуға және тұрақты дамуға ықпал етуге бағытталған кешенді тәсіл. Бұл процесті жүзеге асыру үшін ТШО-да арнайы қоршаған ортаны қорғау кеңесі құрылды, оның құрамына компанияның негізгі басшылары кіреді.

Кеңестің мақсаты – компанияның экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға және тұрақты дамуына бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру.

Кеңес компанияның экологиялық саясаты мен қызметіне қатысты мәселелер талқыланатын және «ТШО-ның сара жолында» көрсетілген құндылықтарымызға сәйкес стратегиялық шешімдер қабылданатын отырыстарды тұрақты түрде өткізіп тұрады.

Ауаға шығарындыларды басқару

ТШО өзінің өндірістік қызметінде әрқашан «ТШО сара жолында» көрсетілген құндылықтарды ұстануға және оларға қол жеткізуге ұмтылады. «Біз өз бизнесімізді әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікті ұстана отырып, сондай-ақ заңдарды сақтай отырып, біз қызмет атқаратын қоғамға пайда әкеле отырып, атқарамыз».

ТШО қоршаған ортаға тигізетін әсерін жүйелі түрде экологиялық көрсеткіштерін жақсартатырып, технологияны жетілдіру және кәсіпорынның қуаттылығын дәйекті түрде арттыру бойынша қарқынды жұмыс жүргізуде.

Ауаға шығарындыларды азайту


2023 жылы компания шығарындылардың қарқындылығы мен газды жағу көлемі бойынша, 2000 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, ең төмен көрсеткіштерге қол жеткізді.

Қазіргі уақытта өндірілген газдың 99%-дан астамы тұтынушыларға жіберіледі және/немесе ТШО-ның ішкі қажеттіліктері үшін пайдаланылады.

Соңғы 24 жыл уақыт аралығында ТШО өндірілген шикі мұнайдың бір тоннасына шаққандағы ауаға шығарындылары 76%-ға азайды.



2023 жылдың қорытындысы бойынша ТШО-ның тарихында шығарындылар қарқындылығының деңгейі ең төмен көрсеткішке жетті



Парниктік газдарды басқару

ТШО Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына жету және жасыл экономикаға көшу бағытындағы ұмтылыстары мен бастамаларын қолдайды. Парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатында ТШО да түрлі іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруда.

Осындай жобалардың бірі – шикі мұнай сақтау паркіндегі резервуарлардағы табиғи газ жастықшасын азотқа ауыстыру. Бұл жоба мұнай сақтау паркіндегі метан шығарындыларын нөлге дейін азайтуға көмектеседі.

ТШО өндірістің сенімділігін сақтап, Қазақстан Республикасының алдындағы міндеттемелерін орындауды жалғастыра отырып, өз қызметінде операциялық жетілдіру арқылы парниктік газдар шығарындыларын үнемді түрде азайту мүмкіндіктерін іздеуді әрі қарай жалғастырады.

Су ресурстарын тиімді пайдалану

ТШО үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым міндеттердің бірі-суды ұтымды пайдалану болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін кәсіпорын магистральдық су құбырынан (МҚ) келетін суды тұтынуды азайтуға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Қолданыстағы нысандарда тұщы суды үнемдеу және шығарылатын ағын сулардың көлемін азайту үшін айналымды сумен қамтамасыз етудің және суды қайта пайдаланудың жергілікті жабық жүйелері қарастырылған, сондай-ақ су ресурстарын тиімді пайдалану бойынша қосымша ұйымдастыру шаралары өткізіледі.

Су ресурстарын қайта пайдалану



Теңіз кенішінде сарқын суларды тазарту нысанынан тазартылған тұрмыстық сулар суды қайта пайдалану нысанына түседі, онда ол кері осмос әдісімен зауыт нысандарының өндірістік қажеттіліктерін қанағаттандыратындай техникалық су сапасының стандарттарына дейін қосымша тазартудан өтеді. Сондай-ақ, қалдық газды технологиялық тазарту процесінде алынған су өндірістік қажеттіліктерге қайта пайдаланылады.

45%

2023 жылы ТШО нысандарында суды қайта пайдалану көрсеткіші



Су ресурстарын үнемдеу бағытындағы іс-шаралар

ТШО өз қызметкерлері мен мердігер мекемелердің қызметкерлері арасында суды үнемдеу және суды ұтымды пайдалану мәдениетін арттыру мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. Оның ішіне түсіндірме жұмыстары да, бюллетеньдер, ақпараттық парақтар шығару, сонымен қатар суды аз тұтынатын жабдықтар және су ресурстарын үнемдеу. Тұтыналған суды есепке алу жүйесін жетілдірудің сәтті мысалдарының бірі су тұтынуын қашықтан бақылау жүйесін енгізу, сондай-ақ тарату құбырына өзгертулер енгізу нәтижесінде Теңіз вахталық қалашығында су тұтыну шығындарын азайту болды.

Қалдықтарды басқарудың тиімді тәсілі

Қалдықтарды басқарудың жалпыға бірдей экологиялық таза технологияларын қолдануға негізделген ТШО нысандарындағы өндірістік және тұтыну қалдықтарын басқару жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

ТШО компаниясы қалдықтардың түзілуін барынша азайту және қайта өңдеу мен қайта пайдалану көлемін ұлғайту идеяларын алға тарта отырып, қалдықтарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етуге тырысады.

2023 жылы компанияның өндірістік қызметі мен онымен байланысты инфрақұрылымының нәтижесінде 41 қалдық түрін компания, сондай-ақ үшінші тараптағы ұйымдар өңдеп, кәдеге жаратты.

2023 жылы қайта пайдалану және қайта өңдеу деңгейі 43% құрады.



Биоалуантүрлілікті қорғау және сақтау

ТШО өзі қызмет ететін аймақтың биоалуантүрлілігін сақтауға өз үлесін қосып келеді.

2023 жылы ТШО құстардың жұмыртқа басу маусымында ұя салуды басқару бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырды. Бағдарламаның мақсаты ұяларды қорғау болып табылады. Кәсіпорын нысандарында белсенді ұялар табылған сәттен бастап, балапандар аман-есен ұшып кеткенге дейін қорғау шаралары жүргізіледі.

Жойылып кету қаупі бар құстарды қорғау

ККЖ-ҰЕҚБЖ жобаларын жүзеге асыру аясында ТШО тарғақ құстарының сәтті жұмыртқа басуын арттыруға бағытталған табиғат қорғау жобасын қаржыландырады. Тек Орталық Қазақстанның далаларында ұялайтын бұл құс түрі жойылу алдында тұр және Халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл кітабына және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген.

Осы табиғат қорғау жобасының мақсаттарының бірі – тарғақтардың көшуін спутник арқылы бақылау. Заманауи спутниктік таратқыштардың көмегімен құстардың жаңа ұя салатын және қыстайтын жерлері анықталып, бұрын белгісіз болған көші-қон жолдары анықталды. Алынған деректер орнитологтарға көші-қон процестерінің заңдылықтарын және осы түрдің мекендеу ортасына қойылатын талаптарды жақсы түсіну үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл жобаның нәтижелері құстың осы түрін Қазақстанда және шетелде қорғау бойынша жоспарға енгізіледі.

Орал-Атырау бекіре балық зауытына қолдау көрсету

2017 жылдан бері ТШО Орал-Атырау бекіре балық зауытына қолдау көрсету арқылы бекіре

тұқымдас балықтарды сақтау бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Бұл бағдарламаның мақсаты – жабайы ортадан ауланатын ересек дарақтардың санын тұрақты түрде азайту, теңізге қайта жіберілетін аналықтардың санын көбейту, бекіре балықтарының шабақтарын Жайық өзеніне жіберу.

ТШО зауыт қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін техникалық семинарлар ұйымдастыруға қолдау көрсету, арнайы жасанды тоғандарда оттегін бақылауға арналған аэраторларды, сыртқы тереңдету жұмыстары үшін экскаваторларды, тұйық су жүйесімен қамтамасыз етілген бассейндеріне қысқы және жазғы су салқындатқыштарын сатып алу, сондай-ақ шабақтар мен аналықтарға арналған жоғары сапалы жем алып беру арқылы зауытқа қолдау көрсетеді. 2023 жылы ТШО зауытты 3,5 тонна жеммен қамтамасыз етсе, соңғы алты жылда барлығы 21,7 тоннадан астам жем жеткізілді.

Иесіз балық аулары мен теңіз қалдықтарын жинау

2017 жылдан бері ТШО Гидробиология және экология институтымен бірлесе отырып, Қазақстанға тиесілі Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі тастанды торлар мен басқа да теңіз қалдықтарын жинау жобасын жүзеге асырып келеді. Жоба жойылып кету қаупі бар теңіз түрлерін, атап айтқанда, Каспий итбалығы мен бекіре тұқымдас балықтарды қорғауға және өліп кетуін азайтуға бағытталған.

2023 жылдың қыркүйегіндегі экспедиция нәтижесінде Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі жағалау аймағында 3 тоннадан астам тастанды балық аулау торлары, сондай-ақ 8 тонна басқа теңіз қалдықтары, оның ішінде 1,1 тонна пластик бөтелкелер жиналды. Жалпы алғанда, осы жобаны жүзеге асыру кезеңінде салмағы 26,5 тоннадан асатын 900-ден астам тастанды балық аулау торлары, 19 тонна өзге де теңіз қалдықтары шығарылды, Каспий теңізінің 500 шаршы шақырымнан астам аумағы тазартылды, сонымен қатар 53 бекіре және 15 итбалық босатылып, теңізге жіберілді.



Экологиялық мониторинг

«Теңізшевройл» ЖШС нысандарына жақын, Жылыой ауданының елді-мекендеріндегі атмосфералық ауаның жағдайын бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Атырау облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жол картасын жүзеге асыру аясында ТШО Жылыой ауданының елді мекендеріндегі атмосфералық ауаның жағдайын бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл зерттеулерді 2023 жылы Атмосфералық ауаны қорғаудың республикалық ғылыми-зерттеу орталығы (РҒЗО) жүргізді.

Бұл зерттеулердің жұмыс көлеміне ТШО мен «Қазгидромет» РМК мекемелерінің соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауа мониторингінің нәтижелері бойынша тарихи деректерді талдау, Құлсары қаласы, Жаңа Қаратон ауылы және Қосшағыл ауылы секілді Жылыой ауданының елді-мекендеріндегі, сондай-ақ Теңіздегі ТШО санитарлық-қорғау аймағы шекарасына жақын жердегі атмосфералық ауаны бақылау бағдарламасын әзірлеу және атмосфералық ауа сынамаларынан сынама алу, оларға зертханалық талдау жүргізу кірді.

Бұл зерттеулер бойынша есеп Атырау облысы бойынша экология департаментіне тапсырылды.

Атмосфералық ауа мониторингі

